

Қостанай Мемлекеттік Педагогикалық Институт
Өнер кафедрасы

Әлемдегі ислам дініне көзқарас

Дайындаған: Жазыкпаев

Тексерген: Б.Бухметова

А.А


ИСЛАМ

діні бейбітшілік

Ислам

- **Ислам** (араб.: إسلام —) әлемдік монотеисттік-ибраһимдік дін. Христиандықтан кейін дүниедегі ең көп таралған дін болып табылады. «Ислам» сөзі «бейбітшілік», (Аллаһтың заңдарына) «мойынсыну, бағыну» болып табылады. Ал шарифат терминологиясында «ислам» — толық мойынсыну, Аллаһтың алдында парыздарды орындау, одан басқа құдайларға табынбау болып есептеледі. Ислам дінін ұстанушы жан мұсылман деп аталады. Мұсылмандардың негізгі діни кітабы **Құран Кәрім** (араб.: القرآن الكريم —) классикалық әдеби араб тілінде (араб.: الفصحى (Аллаһ тарапынан түсірілген).
- Исламдық көзқарас бойынша, жаратушы **Аллаһ** әрдайым адамзат баласын тура жолға салып тұру үшін әр түрлі пайғамбарлар жіберіп отырған. Олардың ішінде Ибраһим (Авраам), Мұса (Моисей), Иса (Иисус) т.б. бар.[2]. Мұсылмандардың сенімі бойынша ең соңғы пайғамбар — Аллаһтың елшісі **Мұхаммед**.

- Мұхаммед Әли Ислам діні туралы алғаш 1959 жылы «Ислам ұлты» қозғалысының көшбасшысы Элайдж Мұхаммедтің Чикаго халқы алдындағы сөзінен естиді. Сол уақыттары бұл ұйым ақ нәсілділер арасында қара нәсілділердің құқығын қорғау, экономикалық және діни бостандыққа үндеумен айналысатын еді. Боксшы арада жыл өткенде Маямидегі жаттығу кезінде осы ұйымның тағы бір көшбасшысы Абдул Рахманмен танысады. Ол боксшыны «Ата-бабаларының тарихы» жөніндегі лекциясын тыңдауға мешітке шақырады. Чемпион кейін осы бір оқиғаны еске ала отырып, мешітке кіргеннен кейін жүрегіне тыныштық ұялағанын, қара нәсілді болып туғанының еш кемшілік емес екенін түсінгенін айтады. Мұсылмандыққа қызығушылығы оянып, жергілікті «Мұхаммед айтады» атты газетті оқи бастайды. Үнемі өмірдің мәні, жер бетіндегі адамның миссиясы туралы ойланатын болады.



Лев Толстой

«Анна Каренина», «Воскресение», «Война и мир» романдарының авторы Лев Толстой да өзінің діни көзқарастары үшін қуғынға ұшыраған кезінде таныстарына 1884 жылдың сәуірінде жолдаған хаттарының бірінде келесі сөздерді жазған:

"Сіздер менімен бір діни сенімде болсаңыздар қатты қуанар едім. Сол кезде ғана мені түсіне алар едіңіздер. Бүгінде менде байлық та, атақ та жоқ. Менен достарым ғана емес, туыстарым да теріс айналды. Либералдар мен эстеттер мені есінен адасқан деп санайды. Мені Гоголь секілді алжасты деп, радикалдар қатарына енгізіп қойды. Православие дініндегілер мені, тіпті құбыжық санайды. Бұл маған өте ауыр тиіп жатқанын мойындауға мәжбүрмін. Сол себепті мені тек діндар мұсылман деп санауларыңды сұраймын", - деп жазған Толстой.

Ол мұсылманға күйеуге шыққан орыс әйелі Е. Великова өз ұлын қай дінге бұруы керектігінен кеңес сұраған хатына келесі жауап қайтарған:

Егер біз православиеден ислам дінін жоғары қойсақ, мен бұл таңдауды қуана қабылдар едім "Егер біз православиеден ислам дінін жоғары қойсақ, мен бұл таңдауды қуана қабылдар едім. Менің бұлай деуім күпірлік болып көрінгенімен, мен исламның православиеден жоғары тұрғанын айтуды доғара алмаймын. Егер екі діннен таңдау мүмкіндігін берсе, мен ғана емес, көптеген адамдар да үш құдайлықты насихаттайтын, олардың суреттерін салып, тарататын православиеден гөрі жалғыз Алла барына сендіретін ислам дінін таңдар еді", - деп жазған ол хатта.



Уилл Смит

- STC Publications басылымы америкалық танымал әртіс Уилл Смиттің ислам дінін қабылдағанын жариялады. Ол бұл шешімге Мұхаммед Әлидің рөлін сомдағаннан кейін келген.
- Уилл терроризм туралы БАҚ-қа берген сұхбатында "Біз, мұсылмандар, терроризм мен қылмысты жақтайтындардың қатарында емеспіз", - деген. Ал Мұхаммед Әли болса, "Мен ислам терроризм діні болса, онымен ел алдына сеніммен шықпас та едім", - деп жауап қайтарған.



Жак Ив Кусто

- Танымал француз зерттеушісі Жак Ив Кусто өзінің ислам дінін не себепті қабылдағанын түсіндіруге тырысқан.
- "1962 жылы Атлант мұхиты мен Жерорта теңізінде зерттеулер жүргіздік. Олардың сулары мыңдаған жылдар бойы өзара Гибралтар жағалауында ұштасып жатыр. Ондай жағдайда ғылыми тұрғыдан теңіз бен мұхит суларының атомдары араласып, фаунасы мен флорасына өзгерістер енгізуі тиіс болатын. Алайда іс жүзінде ешқандай өзгеріс жоқ. Суларды көрінбейтін шекара бөліп тұрғандай. Мені бұл жағдай қатты қызықтырды. Мен оның жауабын табуға барымды салсам да, түк шықпады. Бір күні мен профессор Морис Букайганы жолықтырып қалдым. Ол маған жауабын мұсылмандардың кітабы Құраннан ізде деп кеңес берді", - деп сөзін бастады зерттеуші.
- Ол Құраннан іздеген сұрақтарының жауабын тауып, қатты таңырқаған.
- "Құранда келесі сөздер жазылған: «Ол қосылып кету мүмкіндігі бар екі теңізді қатар ағызып қойды. Бірақ араларына тоспа тастап, қосылмайтындай етті. Тәңірдің қай тағылымын жоққа шығара аласыңдар? Екеуінен де інжу-маржан шығады. Тәңірдің қай ізгілігін теріс дей аласыңдар?» (Рахман:19-23). Осыдан кейін менің көзім ашылып, исламға бет бұрдым. Қазіргі ғылымды он төрт ғасыр артқа тастаған Құранға ант етейін, ол – Аллаһтың хақ сөзі", - деп капитан Кусто «Біз неге мұсылман атандық» деген кітабында өзі туралы жазады.



Нил Армстронг



Америкалық ғарышкер Нил Армстронг та Айға сапарынан кейін ислам дінін қабылдаған.

"Мен Айға дұға етпей қондым, енді дұға етемін, мені мұсылман деп санай беріңіздер", - деп жазған Нил өзінің "Ай Одиссеясының құпиялары, жұмбақтар және аңыздары" атты мақаласында.

Армстронг, Олдринг және Коллинс алғаш рет "Аполлон — 11-мен" Ай бетіне аяқ басқан сәтінде алыстан ашық тұрған үлкен кітапты байқаған деп жазады

Артынша, олар бір әуен естіген. Ғарышкерлер алғашқыда ол әуенді радио толқынының жаңғырығы болар деп те ойлайды.

Бірақ, олар қонған ай бетінде радио толқындарын қабылдауы мүмкін емес болатын. Жердегі ғарышкерлермен байланыс орталығындағылар да арнайы байланыс құралы арқылы сол әуенді естіген.

Ғарыш орталығындағылардың бірі «Дауыс жерден шықты» десе, енді бірі «Айдан келіп жатыр» деп, тартысқан. Дауыстың қайдан келіп жатқанына нақты дәлел таба алмаған соң орталықтағылар бір байламға келе алмайды.

Ғарышкерлер кітапты суретке түсіріп, әуенді таспаға жазып алады. Алайда оған ешбір ғылыми негіз таба алмағандықтан, тылсым дүниені жұмбақ күйінде құпия сақтаған.

Арада он төрт жыл өткенде, 1983 жылы американдық ғарышкер, астроновт Нил Армстронг ғылыми конференцияға қатысу үшін Мысырға келеді.


Конференция өтіп жатқанда президиумда отырған Армстронгтың құлағына Ай бетінде естіген құпия әуен қайта естіледі. Айдағы әуенді Жерде естіген Армстронг жан-жағына елеңдеп, түрі өзгеріп кетеді.

Таңғалысын жасыра алмаған ғалым айналасындағылардан: «Бұл қандай әуен?» деп сұрайды. Олар мұның жай әуен емес, мұсылмандарды намазға шақыру белгісі – азан екенін айтады. Сонда Армстронг алғаш Айға қонғанда осы дауысты естігенін айтады.

Владимир Путин

- Жақында ресейлік бұқаралық ақпарат құралдарында Ресей президенті Владимир Путиннің де ислам дінін қабылдағаны туралы расталмаған ақпарат жазыла бастады деп хабарлайды
- Осыған қатысты Ресей президентінің баспасөз хатшысы Дмитрий Песков "Интерфакске" берген сұхбатында Lifenews арнасының таратқан бұл ақпаратының шындыққа жанасатынын жеткізген.
- "Иә, ондай шешімнің қабылданғаны рас. Президент мырза маған бұл жайлы егжей-тегжейлі айтып берген жоқ. Бірақ, бұл оның жеке басына қатысты. Өз қалауы. Мен президент Владимир Путиннің бұл таңдауын құптаймын. Тіпті бұл мені де қызықтырып жүр. Мен де қазір Құран оқып үйренудемін", - дейді Ресей президентінің баспасөз хатшысы Песков.
- Ал Ресейдің Қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы Всеволод Чаплин мырза "Россия" телеарнасына берген сұхбатында "Ресей патриархы қатты ауырып жатқанына байланысты ол кісі бұл мәселеге қатысты қандай да бір мәлімдеме жасай алмайды. Ал Жақында ресейлік бұқаралық ақпарат құралдарында Ресей президенті Владимир Путиннің де ислам дінін қабылдағаны туралы расталмаған ақпарат жазыла бастады деп хабарлайды
- Осыған қатысты Ресей президентінің баспасөз хатшысы Дмитрий Песков "Интерфакске" берген сұхбатында Lifenews арнасының таратқан бұл ақпаратының шындыққа жанасатынын жеткізген.
- "Иә, ондай шешімнің қабылданғаны рас. Президент мырза маған бұл жайлы егжей-тегжейлі айтып берген жоқ. Бірақ, бұл оның жеке басына қатысты. Өз қалауы. Мен президент Владимир Путиннің бұл таңдауын құптаймын. Тіпті бұл мені де қызықтырып жүр. Мен де қазір Құран оқып үйренудемін", - дейді Ресей президентінің баспасөз хатшысы Песков.
- Ал Ресейдің Қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы Всеволод Чаплин мырза "Россия" телеарнасына берген сұхбатында "Ресей патриархы қатты ауырып жатқанына байланысты ол кісі бұл мәселеге қатысты қандай да бір мәлімдеме жасай алмайды. Ал менің жеке басыма келер болсақ, Ресей президентінің бұл шешіміне, әрине, түсіністікпен қараймын. Ол оның жеке таңдауы", - деп мәлімдеме жасаған.
- Бұл жаңалықты бөлісуден Шешенстан президенті Рамзан Қадыров та құр қалмады. Ол өзінің "Твиттер" әлеуметтік желісіндегі парақшасында "бұрын-соңды мұндай қуанышты жаңалық естімегенім" айтады.
- Алайда Ресей президентінің өзі болса, бұл мәселеге қатысты ешқандай ресми мәлімдеме жасаған емес.
- менің жеке басыма келер болсақ, Ресей президентінің бұл шешіміне, әрине, түсіністікпен қараймын. Ол оның жеке таңдауы", - деп мәлімдеме жасаған.
- Бұл жаңалықты бөлісуден Шешенстан президенті Рамзан Қадыров та құр қалмады. Ол өзінің "Твиттер" әлеуметтік желісіндегі парақшасында "бұрын-соңды мұндай қуанышты жаңалық естімегенім" айтады.
- Алайда Ресей президентінің өзі болса, бұл мәселеге қатысты ешқандай ресми мәлімдеме жасаған емес.





"Мен мұсылманмын. Мені Алла таңдады"
©Майк Тайсон

Қорытынды

- Қорыта келгенде Ислам дінінің қасиетті кітабы «Құран Кәрім» өткен мен қазіргі уақыт сабақтастығын жүзеге асырды, онда көптеген халықтардың тарихы мен тағдыры тоғысты, терең тарихи тамырлары, уақыт пен кеңістік аясындағы әр түрлі халықтар тұрмысындағы ұқсастықтары ашылып, адам қоғамның пайда болуының алыс-жақын түп-тамырлары зерттелді: Құранның уақыт өтсе де, маңызы кемімейтін қасиеті де осында. Ислам діні көптеген халықтардың рухани табиғатына сай келді. 1500 жылғы ислам тарихы, Мұхаммед пайғамбардың өмірі, оған дейінгі пайғамбарлар тарихы осыған дәлел. Исламның терең тарихы бар Көне Қазақстан жеріне келуі мәдениеттің дамуына, қоғамымыздың өзіндік санасы мен руханилығы игі ықпал еткені баршаға аян.
- Мұсылман мәдениетінің артықшылығы тең рухани салада ғана көрініс тапқан жоқ. Дін—наным-сенімге, этикаға, философияға және Қазақстандағы ғылым мен мәдениетті дамытуға зор ықпалын тигізді. Сонымен қатар қазақ жеріне ислам дінінің таралуын қазақ халқына тигізген оң әсерлерін қазақтың төл салт-дәстүрімен байланысуы, қазақ халқының отбасылық өмірінде ислам уағыздарының адамгершілікке толы қасиеттер мен тәлім-тәрбиенің ұқсастығының молдығын барынша ашып көрсеттім деген ойдамын.
- Атамыз қазақ «ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген. Бала шыр етіп , жарық дүниеге келген күннен имандылықта бойына сіңіру, мектепте де, жоғарғы оқу орындарында да мұны талассыз жүргізіп отыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі екенін айтқым келеді.